

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес моторлы көлік құралдарының ауа баптау жүйесіне арналған конденсаторлар мен буландырғыштарды сынныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 28 ақпандағы № 28 шешімі

Кеден одағының Кеден кодексі 52-бабының 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Моторлы көлік құралдарының салондарында температура мен ауа ылғалдығының қажетті параметрлерін ұстап тұру үшін пайдаланылатын, ауа баптау жүйесі құрамында қолдануға арналып қойылған конденсаторлар мен буландырғыштар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 8415 тауар позициясында сынныпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң құшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян